



№92 (9979)
21 қараша
сейсенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Білім жаңалықтары Оқушылар бақ сынаған олимпиада

Елімізде ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша бірінші республикалық олимпиада басталды. ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев олимпиаданың салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Министр Ақмола облысындағы №1 Қоянды жалпы орта білім беретін мектебінің оқушыларымен кездесті. Еліміздің бас ұстазы қатысушыларға алдағы зияткерлік сайыста сәттілік тіледі.



– Пәндік олимпиадалар – сіздердің алғашқы ғылыми ізденістерге жол ашатын, ғылымның әртүрлі саласында өз дарындарыңызды айқындауға мүмкіндік беретін ауқымды сайыс. Бүгін сіздермен бірге еліміздің шалғай аймақтарындағы 90 мыңға жуық оқушы мектеп қабырғасында алған барлық білімі мен дағдысын көрсете алады. Пәндік олимпиадалардың жеңімпаздарына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіледі. Биыл 23 оқушымыз ең беделді халықаралық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Келер жылы солардың қатарында сіздердің де болатындарыңызға көміл сенемін, – деді министр.

Ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиадаға 9-11 сынып оқушылары қатысып жатыр. Бұл бастама қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты қысқартуға және шалғай елді мекендердегі дарынды балаларды қолдауға бағытталған. Мақсаты – ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілетін анықтау және қолдау білдіру, сондай-ақ олардың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдар алуына жағдай жасау.

Олимпиада жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарды қамтитын 13 пән бойынша өткізіледі. Бастапқы кезеңге қатысу үшін оқушылар aui.dauyl.kz сайтында тіркелуден өтті. Нәтижесінде 90 мыңнан астам оқушы қатысуға ниет білдірді. II іріктеу кезеңі желтоқсан айында өткізіледі. Тапсырмалар дестурлі олимпиадалық түрінде онлайн-платформада беріледі. III республикалық кезеңнің барлық қатысушысы республикалық сырттай мектепке қабылданады.

Қорытындысында қатысушылардың жалпы санының 45 пайызынан құралатын жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады. Олар Оқу-ағарту министрлігінің дипломымен марапатталады. I дәрежелі диплом иегерлері 2024 жылдың ақпан айында өтетін оқу-жаттығу жиындарына шақырылып, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысады.

«ЖЖ» ақпарат

Сараптама



XXI ғасырдағы қауіпті құбылыстың бірі – құмар ойынға тәуелді болу немесе «ойынпаздық дерті». Иә, адал еңбекпен тапқан нәпақасына бәс тігіп, түнімен букмекерлік кеңсені торуылдап, уақытын текке өткізген жандарды көргенде налитының рас. «Ойынға ойсыз құмар» деп ата-бабаларымыз текке айтпаса керек. Өткенімізге үңілсек, құмар ойынға әуестік деген ұғым қазақ қоғамында мүлде болмаған. Алайда бүгінде екінші бірі құмар ойынға тәуелді. Оған ойынқұмарлықтың салдарынан күнделікті орын алып жатқан келеңсіз жайттар дәлел болады. Әрине бұл ащы болса да шындық. Осы тұста «Құмар ойындарға қалай тұсау боламыз?» деген сұраққа жауап іздедік...

Жандос ЖАЗКЕН

Құмар ойынға ойсыз құмар болдық

700 мың оқушы
бәс тігіп үлгерген

Психологтар жүргізген зерттеуге көз жүгіртсек, 17-38 жас аралығындағы азаматтар құмар ойынға жиі әуестенеді. Дәл осы жастағы азаматтар елдің өсіп-өркендеуіне қосатын үлесі жоғары екенін ескерсек, бұл қоғам үшін қауіпті үдеріс екені анық. Ойынға тәуелділік кезінде тұлғаның даму процесінде физикалық, рухани, әлеуметтік тұрғыда құлдырап, өз ортасынан алшақтауы байқалады.

Сорақысы, бүгінде ойын кеңселерін жастар көп шоғырланған оқу орындарының жанынан, жатақхана маңындағы жерлердегі мектеп оқушыларының дарыны мен қабілетін анықтау және қолдау білдіру, сондай-ақ олардың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдар алуына жағдай жасау.

Қазіргі таңда құмар ойынның түрі де көп. Біреуі жабылса, орнын басатын басқасы дайын тұрады. Мәселен, лотереяға бинго, джекпот жатса, гэмблингке ойын автоматы, беттингке спорт жарысына бәс тігу қаралады. Карта ойындарына покер, блэкджек, баккора жатса, казино ойындарына рулетка, бинго, колесо, фортуна және тағы басқа ойындар кіреді.

Жаға ұстатар мына статистикаға мән берсек, бұл мәселенің ауқымы қандай екенін байқауға болады. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша құмар ойындарды ұйымдастыру және бәс тігу бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі ауқымды соманы құраған. 2020 жылы 89,7 млрд теңге, 2021 жылы 501,2 млрд теңге, 2022 жылы 600 млрд теңгеден астам шығын анықталған. Яғни соңғы үш жылда 1,5 млн азамат құмар ойындарға 1 трлн теңгеден астам қаражат жұмсаған.

Сонымен қатар 700 мыңнан астам немесе мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 20 пайызы бәс тігіп үлгерген. Ажырасқан ерлі-зайыптылардың 38 пайызына лудоманияның әсері бар. 2022 жылы 3 676 суицид жасалса, оның әрбір 5 жағдайы құмар ойынға тәуелділіктен орын алған. 157 мың құқық бұзушылықтың 20 пайызы немесе 31 мыңы құмар ойынға байланысты жасалған.

«ТікТок» та тығырыққа тіреді

Құмар ойын әлеуметтік желіні де еркін жайлап алған. Бұрынғыдай қала ішінде бәс тігетін кеңсе іздеудің де қажеті жоқ. Қолыңда смартфон мен интернет болса жеткілікті. Сол арқылы үйде отырып-ақ ақша салып, қалаған құмар ойыныңмен құмарлана бересің.

Әйтсе де мамандар құмар ойын кеңселері жабылып, қылмыс көлемі жыл санап кеміп келе жатыр деп көңіл жұбатады. Мәселен, 2019 жылдан бері заңсыз ойын бизнесіне қатысты 1 148 іс қозғалған. Осыдан төрт жыл бұрын заңсыз ойын терминалдары бойынша 208 дерек тіркелсе, биыл 28 іс өндіріске берілген.

Биыл «ТікТок» желісінде құмар ойындардың онлайн трансляциясы жанданған. Ойыншылардың күнделікті саны мыңдаған адаммен өлшенеді екен. Әлеуметтік желілердегі қатысушылардың басым көпшілігі көмелетке толмағандар көрінеді. Осы ретте бүгінде ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі қабылдаған шаралардың нәтижесінде ұйымдастырушылардың 177 ақауы анықталған. 10 ұйымдастырушыға қатысты 5 қылмыстық іс қозғалып, оның 3-еуіне үкім шыққан. 4 адам бастандығынан айырудың нақты мерзіміне және 2 адам бастандығын шектеуге сотталған.

Сондай-ақ агенттік әлеуметтік желіде жасанды интеллектті іске қосыпты. Бұл жүйе заңсыз контент эфирін бірден жабуға қауқарлы көрінеді. Былтыр осы әдіспен 5,5 мың, биыл 2 мыңнан аса сайт анықталған.

Депутаттар дабыл қақты

Құмар ойынның салдарынан қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жайттарды халық қалаулылары да естісе керек. Жақында аталған мәселені бір-ең саран депутат Парламент отырысында көтергендей сыңай танытты. ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының пайымынша, Үкіметтің барлық букмекерлік кеңселерді ойын аймақтарына көшіру туралы шешімі нәтиже бермеген. Өйткені букмекерлік кеңселер әлеуметтік желіде жарнама-сын үдетіп, халықты оңай ақшаға тартып жатыр.

Үкіметтің мөлшерлемелерді есепке алу орталығын енгізу және жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуын шектеу сияқты мәселелері бойынша қабылдаған шаралары тек құмар ойындарға қатысқан адамдарға қатысты болып отыр. Бұл ретте тек 1600 жеке тұлға немесе лудомандардың жалпы санының небәрі 0,5 пайызы құмар ойындарды шектеп, бойын аулақ алған.

Депутат Руслан Берденовтың айтуынша, құмар ойындарға және бәс тігуге тәуелді адамдар санының артуы тек букмекерлік кеңселерге тиімді, мемлекет үшін қауіпті екен. Мәселен, 2017 жылы жаңа Салық кодексі қолданысқа еніп, сол уақыттан бері букмекерлік бизнес 35 есе өсіпті. Сәйкесінше 15,5 миллиард теңгеден 553,6 миллиард теңгеге дейін артаңмен, салық мөлшерлемесі 2017 жылғы деңгейде қалған.

Халық қалаулысы құмар ойынға тәуелділіктің алдын алу бойынша бір-қатар атқарылуы тиіс іс-шаралар тізімін атап көрсетті. Нақтырақ айтсақ, букмекерлік кеңселердің онлайн қызметіне толық тыйым салып, арнайы мамандандырылған аймақтарда ғана жұмыс істеуіне рұқсат беру маңызды, сондай-ақ құмар ойын мен бәс тігуді жарнамалауға тыйым салу керек. Салық мөлшерлемесін жоғарылатып, ойын бизнесі үшін корпоративтік салық мөлшерлемесін 20 пайыздан 30-40 па-

йызға дейін көтеру маңызды. Айналым мен бюджетті толықтырудың ашықтығын қамтамасыз етуде букмекерлік кеңселердің ақпараттық жүйесін Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау қажет. Сондай-ақ қоғамда азаматтардың құмар ойынға тәуелділігін төмендету мақсатында «Обсессия» деректі фильмі түсірілген. Онда құмар ойынға тәуелділіктен зардап шеккен адамдар өмірі баяндалады.

Заңның солқылдақ тұсы көп

Құмар ойынға тәуелділіктің қоғамдық қауіпін ескере отырып, «Аманат» партиясы да бірқатар жұмыс жүргізген. Сол арқылы бүгінде «Ойын бизнесі туралы», «Жарнама туралы», «Лотерея және лотерея қызметі туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгеріс енгізілген.

Интернеттегі ойын қызметіне, жарнамаға, лотоматтарды жабуға, салық міндеттемесін арттыруға, букмекерлік кеңселердің аппараттық-бағдарламалық жүйелерін Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйесімен біріктіруге бағытталған түзету жасалған. Қазіргі таңда түзетулердің негізгі бөлігі бойынша Үкіметтің қорытындысы күтілуде. Кейбір түзетулер қабылданады. Мәселен, букмекерлік кеңселердің банк құпиясына қатысты ақпаратты салық органына ойыншылардың шоты, ойындардың саны, ұтыс сомасы, салық шегеріміне қатысты ұсынуға бірқатар өзгеріс енгізілген.

Түйін. Айттып-айтпай не керек. Әр азамат өз іс-әрекетіне өзі баға беріп, өзінің жат қылықтарын тизіндегі біліп, бойынша жаман-жақсы өдеттері үшін жауап береді алса, бізді бұл дерт те алыстан айналып өтері анық.

Еңбек адамы

Көшет сатып, кірісін еселеген

Аманқосовтар әулетінің жылыжай ісін қолға алғанына бірнеше жыл болған. Аудан жұртын көкөніс көшеттерімен қамтамасыз етіп отырған отбасы кәсіптің бұл түрінде пайда көп екенін айтады. Алайда бейнеті де аз емес көрінеді. Сондықтан Айдана Бағдатқызы салаға тыңғылықты дайындықпен келген дұрыс дейді.

Бастапқыда бұл отбасы қызанақ пен қиярды ақпан айының аяғында жылыжайда баптап, ерте кектемде сатылымға шығара бастаған. Кейін сұраныстың артуына байланысты олар мұндағы өнім көлемінде өсіп қалыптастырған. Яғни көкөністен бөлек басқа да түрлі гүлдердің көшетін сатуға кіріскен.

Шындығында «олар кәсіптің бұл түрін дамытып жатыр» десе де болады. Оған себеп те жоқ емес, қай өнімнің шығымына қандай күтім қажет екенін жетік білетін Аманқосовтар алдағы уақытта тек өнім сатуға бел буып отыр. Бұл жобаны осыған дейін жүзеге асыруға қолбайлау болған қаражат тапшылығын мемлекет шешіп беріпті.

Биыл Айдана Пұсырманова қолда бар қаражатқа жылыжайға қажетті материалдар сатып алған, басқа да қажетті құрал-саймандар алу үшін мемлекеттік бағдарлама көмегіне жүгінеді. Осылайша ол 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған. Қазіргі таңда Аманқосовтар отба-

сы жылыжай құрылысын бастап кетті. Егер бұл жобасы сәтпен жүзеге асса, келер жылы маусымда жалғаштықтарды көкөніспен қамтамасыз етпек.

– Інім әскери салада жұмыс жасайды. Мен қаладан көкөніс тұқымдарын әкеліп, әкеммен бірге оны жылыжайға егеміз. Ерте кектемде көшеттерді халық таласып алып кетеді. Тұтынушымыз жетерлік, оның барлығын қамтамасыз етуге шыны керек, соңғы жылдары шамамыз келмеді. Сондықтан тек халықтың тапсырысымен ғана көшет дайындауға көштік. Тіпті бір жылдары оның өзін отырғызатын жер таппадық. Осыдан-ақ ауданда көшетке сұраныстың қандай екенін бағамдай беріңіз. Биыл мемлекеттік бағдарлама көмегіне жүгініп, қайтарымсыз қаржыға ие болдым. Оған жылыжайға қажетті басқа да құрал-саймандарға тапсырыс бердім, алдағы айдың аяғында затымыз келсе, жылыжай жұмысын ерте бастауға бел буып отырымыз, – дейді кәсіпкер.

Кейіпкеріміз Мәрәлі Шәменов ауылында тұрады. Аядай ауылда кәсібин жандандырып, өзінің тұрақты тұтынушыларын да қалыптастырып алған. Бір жағынан ауылдың аудан орталығына жақын орналасқаны да тиімді дейді. Себебі өнім көп болған жағдайда қалғаны аудан орталығына барып, сатылымға шығармақ.

– Біздің ауыл кенттің іргесінде ғой, сондықтан «жылыжай өнімі алдағы уақытта ысырап болады» деген бізде уайым жоқ. Бір жылдары көптеп көшет сатқанда да аудан орталығындағы тұтынушыларымыз таласып алған. Негізінен бізге келіп те басқа ауылдардан көшет алып кететіндер бар. Бірақ аудан орталығына көптеп көшет алып кетсек, бір күнде 25-30 мың теңгедей табыс табатын күндер болады. Ал алдағы жылы өнім сатсақ, табыс еселене түседі, – дейді ол.

Жалпы ауылдағы Аманқосовтарды «бағбандар отбасы» десе де болады. Себебі оларға қай өнімге қандай күтім қажет, қай өнімді қай



уақытта суару керек, мұның бәрі таңсық емес. Жылыжай өніміне сұраныстың артуына бұл да себеп шығар.

Алдағы уақытта кәсіпкер жылыжайда қызанақ пен қиярдан бөлек басқа да өнімдер егуді жоспарлап

отыр. Кешегі аптада 100 мың теңгеге жуық қаражатқа қажетті тұқымдарды да алдырып қойған. Демек, жылыжай жуырда іске қосылады деген сөз.

Айта кетейік, қазіргі таңда қызанақ пен қиярдың нарықтағы ба-

ғасы мың теңгеге жуықтайды. Ал жазға дейін бұл баға көтерілмесе, арзандамайтыны анық. Кейіпкеріміздің «келер жылы табысымыз еселенеді» дегенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Өнер мектебі – шығармашылық ордасы

Сыр елі өнердің мөлдір бұлағы болса, оның ішінде Жалағаш – ұлттық салт-дәстүрін, ән-күйі мен жыр-термесін қайнар бұлағына сақтап қана қоймай, дамытып келе жатқан аудан. Бауыржан Момышұлы айтқандай, өнер – адамның рухани азығы, халықтың бүгінгі мен келешегі, арманымен қиялы, жалпы болмысы. Жас жеткіншектерді өнерге баулып, үлкен өмірге қанат қағуына аудандық өнер мектебінің қосқан үлесі зор. Талай жастың талабын ұштап жүрген өнерлі орданың бүгінде бағындырған белесі көп.



Оқушылардың дарынын ұштап, бос уақытын тиімді пайдаланып, шығармашылық қабілетін арттыруда өнер мектебі 1971 жылдан бастап жұмыс жасап келе жатыр. Сырт көзге шағын мектеп болып көрінгенімен, ішкі қызу жұмыстары ондағы ұстаздар мен оқушыларға ғана мәлім.

Былырда бастап еңсесі биік, жылы әрі жарық, жаңа нысанға қоныс аударған өнер ұжымында қазіргі таңда 8 арнайы класс бойынша 15 мұғалім жұмыс жасайды. Олар домбыра, хорео-

графия, баян, прима, қобыз, бас домбыра, дәстүрлі ән салу, домра-прима, флейта кластары бойынша кенттегі және аудан орталығына жақын орналасқан ауылдардан келетін 131 оқушыны өнерге баулиды. Өмірін өнермен байланыстырған өрендер мұнда өзі қалаған аспабы бойынша 5 жыл білім алып, таңдау бойынша аспап, теориялық пәндер қатарындағы сольфеджио, музыка әдебиеті, хор және ансамбль сабақтарына қатыса алады. Мектепте арнайы аспап

кластарымен қатар акт залы, дыбыс жазу студиясы, теориялық пәндер, ансамбль кабинеттері қарастырылған. Директоры Рақымбет Төлегенұлының айтуынша, 2022-2023 оқу жылы өнер мектебі табысты болған. Себебі бұл оқу жылында жарыққа барған балалар жүздез қайтпапты. Олар облыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауында, «Ақ шагала», «Қайнар бұлақ» хореографиялық фестиваль-байқауында, «Күй табиғаты» байқауында үздіктер қатарынан

5 жылдық білімді 7 жылға дейін ұзартуға дайын екенің, музыкалық колледждің алғашқы курсында алатын білімді тереңдетіп оқытады. – Жалағаш өнер мектебі аудандағы балалар ордасы болып табылады. Жаңа ғимаратқа көшкелі оқушыларымыздың саны артып келеді. Жалпы ауданда кенжелеп қалған дәстүрлі ән айту өнерін дамыту мақсатында биыл жаңадан клас ашылып отыр. Әр класта әр жастан таланттына қарай қабылдаймыз. Қазіргі таңда мектепте 131 бала оқып жатыр,



көрінген. Сондай-ақ республикалық «BALA Fest» және «Жас жұлдыз» байқауынан бас жүлде иеленсе, «Астана-Арай», «Hello Winter Fest», «Әлемді аялаған – Ана!», «Менің жаса, жаңғырған ұлы далам», «Атадан мұра» атты байқаулардан алғашқы үштіктен көрінген. Бұдан бөлек халықаралық «Бозторғай», «Жеті өнер» VI балалар шығармашылығында, «Жас жұлдыз» өнер байгелерінде жүлделі орындарға лайық деп танылған.

Айта кетейік, аудандағы өнер мектебін бітірген оқушылар музыкалық колледждерге түсе алады. Себебі мұндағы ұстаздар оқушылар білімін музыкалық колледжде жалғастыруға ниетті болса,

бірақ ұжым 200 балаға дейін оқытуға қаунарлы. Ендігі біздің мақсатымыз – үрмелі аспаптар класын ашу, – дейді өнер мектебінің директоры Р.Досманов. «Өнер өміршең» демекші, майталман мамандардан білім алып, іргетасы мықтап қаланған шәкірттен түбінде таудай талант шығатыны бәрімізге белгілі. Мұнда таланты мен талабын ұштастырып, өнерін өмір өзеніне айналдырған өрендердің көзін үлкен жеңіске деген құлшынысты көрдік. Өнер ордасында болған бір сағат уақыттың ішінде балалар бізді бойындағы дарыны мен талантына тәнті етті.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сиқырлы үнді Балғын

Өнер мектебіне кірген бойда жаңа тыныштық сыйлайтын, ерекше бір аспаптың дауысын естідік. Дауыс ізімен келе жатып, сан ғасырлық тарихы, сиқырлы үні бар флейта мен бүгінгі кейіпкеріміздің арасындағы нәзік көрініске тәнті болдық. Жеті жасынан осы аспаптан досқақсан Балғынның бүгінде жетістігі көп.



Егемен еліміздің бәсекеге қабілетті ұрпағын тәрбиелеуде және шығармашылыққа баулуға – өнердің алатын орны ерекше. Біз көп біле бермейтін флейта – симфониялық оркестрде де, жеке орындау мен эстрадалық өнерде де өзіндік орны бар үрмелі аспаптың бірі. 14 жастағы кейіпкеріміз аспап жайында «мен үшін оның орны да, үні де бөлек» дейді.

– Өнер жолымды нағашы атаммен байланыстырамын. Себебі атам ансамблде жетекші болып, 20 жыл өмірінде музыкаға жаңы құмар шәкірттер тәрбиелеген. Мен ең алғаш рет өнерге қызыға бастағанда мектептен флейта аспабын көрдім. Оның дауысы жағымды, тіпті жаным тыныштық сыйлады. Аспап жайында ізденіп, жан дүниеммен байланыстырдым. Кез келген адам өзінің табиғатына сай дүниеммен айналысады ғой, менің де табиғатыма жақын осы аспап болды. Расында өкінімдей, себебі осы үрмелі аспаптың арқасында жер аралап, талай жүлдеге ие болғаным бар. Мен үшін ең үлкен жетістік, 2021 жылы шыққан «Еліміздің мақтанышы» атты кітапқа енім. Одан бөлек Алматыда өткен «Жас жұлдыз» өнер байқауы мен халықаралық «7 жұлдыз» фестивалынан бас жүлде, республикалық «Дала сазы» байқауында I орын иелендім. Сонымен қатар 2021 жылы Ташкент қаласында өткен халықаралық байқауда бақ сынап қайттым. Алдағы уақытта еліміздің атын шығарып, көк байрағымызды желбірететін өнер адамдарының қатарынан көрінім келеді. Тек флейта ғана емес, басқа аспап түрлерін де ойнап үйрену ойымда бар, – дейді Балғын Орынбек.

«Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады» деген, Балғынның өмірінде өнер атты жүйрікті тақымаға қысып, флейта аспабында ойнауды үйретіп, шығармашылық сайыстарға қатыстырып, бағын аша білген ұстазы Әлия Қалжықенованың ерекше орын алатыны да сондықтан. Бала бойындағы бұғып жатқан талант бұлағының көзін ашып, киелі сахна теріне шығарған Әлия апайы құрметке лайықты, тәлімі мол ұстаз.

Кейіпкеріміздің жан-жақтылығы жетекшісінен дарыған секілді. Себебі Әлия апайдың да қолынан келмейтін жоқ. 40 жылдық өмірін өнерге арнаған ол қазіргі таңда филтадан бөлек фортепиано, гитара аспаптардан еркін ойнай алады. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мен өскен ұрпақты тәрбиелеуге

қосқан үлесі, салада жеткен жетістіктері үшін министрліктен, облыстық білім басқармасы мен аудандық білім бөлімінен алған алғыс хаттары да жетерлік. «Ұстаздың ең үлкен жетістігі – шәкіртінің биіктен көрінуі» дейді ол. Расында халықаралық байқаулардан жүлдесіз оралмайтын және музыкалық колледж, университетте ұстаз болып жүрген Әлия апайдың шәкіртіне қарап, үнемі ізденісте жүрген тұнып тұрған талант дерсің.

– Балғын – өте ұқыпты, тіл алғыш, талантты, қолынан бәрі келетін музыкаға деген қабілеті ерекше қыз. Үнемі ізденісте, бір нәрсені үйренгісі келіп жүреді. Берілген тапсырманы дер кезінде орындап отырады. Балғынмен сабақ өту өте оңай, себебі оның бойында музыкаға тән қасиеттің барлығы бар. Шығармаларды оңай жатқа тартады, сахнаға шыққанда қобалжымай, өз деңгейінде орындап бере алады. Сондықтан болар, кез келген байқауға қатысқанда жүлдесіз оралмайды, – дейді ол.

Кейіпкеріміз сурет салуға да қатты қызығатын көрінеді. Оның салған суреттерін ауыл мен қала тынысының, отбасы қамқорлығының, табиғаттың бейнесін көп байқауға болады. Сондай-ақ сынып жетекшісі мектепте өте белсенді, үлгерімі де жақсы, озап оқушылардың қатарында, ерқашан дамып, кітап оқып, өзге оқушылардан ерекшеленетіні айтады.

Балғын орыс тілі пәнінен облыстық «Пушкинское чтение» олимпиадасына қатысып II орынға, республикалық «Алтын күз» байқауынан бас жүлде, «Mad brain» байқауынан I орын алған. Мектепті жақсы аяқтап, ата-анасының, ұстаздарының үмітін ақтап, жақсы оқу орнына түсіп қуантсам дейді. Онан өзге өзінің ең жақсы көретін музыкалық көсімін жетілдіріп, өнер жолында үлкен сахналардан көрініп, актерлік қабілетін шыңдап, отандық фильмдерде басты рөлдерді сомдауды армандайды.

Ауданда білім мен спорттан бөлек өнер атты шынды бағындырып жүрген жастар жетерлік. Өскелең ұрпақты жаңашыл ұлға ретінде қалыптастыруда, мамандыққа қызығушылығын арттыруда, көсімі еңбекке бағыттауда үйірме жұмыстарының маңызы зор. Себебі болашағы нұрлы елді ілгері апаратын да сауатты, білімді, жан-жақты дамыған, егемендігіміздің туын ұстайтын өресі биік жастар.

А.АЛТЫНБЕК

Бишілер бағындырған белес

Бүгінге дейін талай байқау мен фестивальде топ жарып жүрген аудандық «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблі өткен аптада Қызылорда қаласында елімізге танымал балетмейстер, қоюшы режиссер Болат Қаржаубаевтың 60 жылдығына арналған «Би сұлтаны» атты облыстық байқауда оқ бойы озық шығып, бас жүлдені қанжығасына байлады.



Бекзат өнер саналатын би – халқымызда бұрыннан қошеметке ие. Кереметтен адамның ішкі жан дүниесі мен мінез-құлпын дөп-дөп жеткізуді мақсат етеді. Тағампаз көрерменнің көңілінен шығып, өз өнерін паш етіп жүрген «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің құрамына 1969 жылы ССРО-ның 50 жылдығы мерекесі қарсаңында аудандық мәдениет үйі жанынан құрылып басталған Балетмейстер Роза Боранбаева жетекшілік еткен ансамбль 1971 жылы ән-би ансамблдерінің республикалық байқауына қатысып, «Халық ансамблі» атағын иеленген. Бүгінде 50 жылдан астам тарихы бар «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблі көптеген байқауда бақ сынап, кіл мықтылар бас қосқан өнер додаларында үздіктер қатарынан көрініп келеді.

Олар бүгінге дейін облыстық «Таңшолпан», «Дельфий ойындары», «Ұлы дала өрнектері», «Биле-биле», «Ботақан» байқауларында бас жүлде, I орын иеленген. Республикалық, халықаралық «Аманат», «Жеті өнер», байқауларында I орын алған. Сонымен қатар Алматы қаласында өткен ХХІҰ-ХХУ «Бозторғай» халықаралық балалар шығармашылығы байқауында I орын иеленген. Ташкент қаласында өткен халықаралық «Ташкентті сүйеміз» атты байқауда ансамбльдің жас өнерпазы Әсел Айдоқсызы бас жүлдені жеңіп алды.

Ақтау қаласында Қырғызстан, Эстония, Болгария, Ресей, Әзербайжан елдерінен және еліміздің 4 облысынан кіл мықтылар қатысқан «Біз – күн перзентіміз» атты халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінде «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің бишілері аудан абыройын асқақтатып, жүлделі II орынды иеленген болатын. Би өнерінде 25 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман 200-ге жуық оқушыны тәрбиелеп, 2010 жылдан бастап аталған топқа жетекшілік етіп келеді.

Иә, Үміт Әшімқызының балғын балалары бағындырып жүрген белеске қосқан үлесі зор. Әрпітесіміз екеуіміз сүйінші

хабарды ести салысымен, аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйіне бет бұрдық. Мұнда шәкірттерін шыңдаудан шаршамай, үнемі ізденіс үстінде жүретін Үміт Айтқұлованың тағы да шығармашылық қоржынына бір би дайындап жатқанына куә болдық. Ансамбль жетекшісімен тілдескенімізде осы қарқындылармен тоқтамай, топтың биік туғырда көріне беруге күш сала беретінін аңғардық.

– Өздеріңіз білетіндей, Болат Қаржаубаев – облысымызға еңбегі сіңген биші. Бұл кісінің Алмас Қаржаубаев деген інісі бар. Сол кісінің байқауға болат ағаның облыстағы мықты шәкірттерінің оқушылары қатыса деген ұсынысы бойынша қатыстық. «Би сұлтаны» атты байқауда қатысушылар екі жанр бойынша сығна түсті. Яғни қазақ биімен эстрада биі бойынша өз өнерлерін көрсетті. Ауданнан байқауға қазақ биі жанры бойынша «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің 8 бән 12 жас аралығындағы кіші би тобы қатысты, «Шаттану» биін биледі. Әуезді өуен мен әдемі қимыл үйлескен сайыста мың бұралған бишілерден құралған 8 өнер ұжымы қатысты. Жеңіс туғырынан көріну үшін 6-7 ай бойы үзіліссіз дайындалдық. Халықаралық дәрежедегі сайыстарда сығна түсіп жүрген бишілермен бір сахнада өнер көрсетіп, бас байғені алу оңай емес өріне. Бұл жеңістің артында үлкен еңбек бар. Мәселен, осы биді қою үшін бишілерім 3 ай бойы демалған жоқ. Үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбектің арқасында үлкен жетістікке қол жеткіздік. Осы тұста топтағы барлық бишілерім мен олардың ата-аналарына үлкен алғысымызды айтамын, – дейді Үміт Әшімқызы.

Талабы мен таланты ұштақсан өнерпаздар үлкен сахналарда қаната қатайып, бүгінде қоржындарына 70-тен аса би жинаған Ансамбльдің қазақтың ұлттық өнерін насихаттаудағы еңбегі еселі.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Өмірін өнермен өрген

Қазақтың ұлттық би өнері дегенде ең алдымен көз алдымызға Шара Жиенқұлова келеді. Заңғар жазушы Ғабит Мүсірепов «Жан тебіренген, терең сезімге бөлейтін келісті өрнек Шараның бойынан айқын сезіледі. Сахнаның ерkesі де, сәні де Шара! Оның сезім сергітетін шынышыл өнері мен қайталанбас қолтаңбасы мейлінше жарқырап көрінді. Бұл дарын иесінің туған халқына қызмет етуінің тамаша үлгісі» деп мың бұралған бишінің өнеріне әділ баға берген. Осыған қарап халқымыздың би өнерін ерекше құрметтеп, айрықша бағалайтынын аңғаруға болады.


Би – тілсіз өнер. Өнерлердің барлығын бойына топтастырған бекзада өнер. Себебі би өнерінің ішінде музыка, сурет, актерлік, дизайндық өнер түрі бар. Бұл өнердің қыр-сырына қанық болып, ауыл балаларын өнерге баулып қана қоймай, олардың өнерпаз болып қалыптасуына ықпал етіп жүрген жас маманның бірі – Қазақстан Хореографтар Одағының мүшесі Үміт Айтқұлова. Кейіпкеріміз қазіргі таңда аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде 2010 жылдан бастап «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің балетмейстері қызметін абыроймен атқарып келеді.

Үміт Әшімқызының аудандағы би өнерін дамытуда еңбегі ерен. Ол аудандық мәдениет үйіне келген күннен бастап ұстазы Роза Боранбаева салып кеткен сара жолмен би өнерін дамытудың өзіндік жолын жасады. Жыл сайын үйірме арқылы шәкірт дайындаған Үміттің бүгінде шәкірттері білікті маман болып, аудан облыс көлемінде жұмыс жасайды. Ол бұл салаға мектеп бітіріп, оқуға түскеннен кейін қызыққан. Алғаш Болат, Алмас Қаржаубаевтар, Төстөбек Бақтыбаев сынды ұстаздардан білім алған.

– Қазір ансамбльде 70-ке жуық бала бар. Үлкен орта, кіші топ болып үшке бөлінеді. Дайындықта

би қою барысында оқушылар биде кімді немесе нені бейнелеп тұрғанын әуелі өздері түсініп алуы қажет. Сол үшін би қоймас бұрын оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ашық пікір алмасу өткізіледі. Мәселен, «Сырғалым» биін қоюға дайындық барысында қыздың әдемілігін, нәзіктігін, сырғасын, білезігін сол би арқылы көрсету үшін оқушылармен биді толық зерттеп барып қоямыз. Әр бидің өзіндік мағынасы, сюжеті мен аяқталуы болады. Сондықтан би шығаруға атусті қарамай, көрерменге шынайы жеткізуге барыша күш саламыз. Халық биі жастардың бойына өз ұлтының рухани мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дарытады, сондықтан репертуарымызда көбіне халық биі, – дейді Үміт Әшімқызы.

Кейіпкеріміз жетекшілік жасап отырған би ұжымы бүгінде бірнеше мәрте облыстық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанды. Балетмейстерлік қызметпен қатар Үміт алғаш рет ауданда «Балдәурен» балалар студиясын ашқан. Мұнда студия өнерпаздары есем ән айтумен қатар мың бұрала билеп, аудан облыс сахналарында өнер көрсетіп, көрермен ықыласына ие болған. Сонымен қатар жас маман «Жұлдыз», «Нұр-дүман», «Үміт», «Эверест» сынды би топ-



тарын жарыққа шығарып, үлкен сахналарда өнер көрсетуіне сеп болған. Үміт Әшімқызы би жанрынан бөлек аудандық мәдениет үйі жанындағы «Арай» мәдени-үгіт бригадасының және халық театрының мүшесі ретінде сахнада өнерді басқа қырынан көрсетіп келеді. Иә, Үміт Айтқұлова тек би маманы ғана емес, ол – аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанындағы халық театрының белді мүшесі.

Театр репертуарындағы бірнеше спектакльде түрлі рөлдерді сомдаған Үміт сахнадағы образымен көрермен көзайымына айналған. Ол Қ.Мұхамеджановтың «Осылай да кездесу болады» лирикалық драмасында Күлнәнің, Ш.Айтматовтың «Ана – Жер – Ана» драмасында Әли-

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сараптама

Жайылымдық жер жайсыз болып тұр

Қазір жайылымдық жер қай өңірдің де басты мәселесіне айналған. Шаруаларды былай қойғанда қарапайым халық қорасындағы санаулы малын жаятын жерге зәур елді мекендер де бар. Мемлекет те бұл мәселені күн тәртібінен түсірмейді. Себебі елдің кірісін еселейтін басты сала да – ауыл шаруашылығы. Жерді мақсатсыз пайдаланғандармен күрестің қатаң жүруі де сондықтан.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Былыр қыркүйек айына дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 млн гектар жер мемлекетке қайтарылған. Бұған қатысты Президент жыл соңына дейін оның көлемін 5 млн гектарға жеткізуді қатаң тапсырды. Бұл пәрменнің берілуі де бекер емес, демек елдің өрісі тарылған шақта жайылымдық жерді мақсатсыз пайдаланып отырғандар аз емес.

Иә, сөзімізге дәлел ретінде айта кеткен дұрыс шығар, елімізде игерілмей жатқан және заңсыз берілген жер көлемі 10 млн гектарға жуықтайды. Үкімет пен өкімдіктер жыл соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауы тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойған. Яғни олармен күрес шараларына ешқандай кедергі жоқ.

Аудандағы ахуал қалай?

Жалағаш ауданында да жайылымдық жерге қатысты мәселе жетерлік. Салаға жауапты бөлімнің мамандары қазіргі таңда ауданға қарасты барлық елді мекенде жайылымдық жер тапшылығы туындап отырғанын жасырмайды. Бұған қатысты қандай шаралар қолға алынуда, нәтижесі қалай? Тарқатайық...

Жалпы ауданның жер қоры 2873 640 гектарды құрайды, оның ішінде 591 563 гектары Қарағанды облысынан ұзақмерзімді пайдалануға алынған. Бұдан басқа Жалағаш аумағының 11 149 гектар жері Ресейге пайдалануға берілген.

Ауданда ауыл шаруашылығы мақсатындағы 284752 гектар жер бар. Сондай-ақ 42760 гектар жер елді мекендерге тиесілі. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлері – 15854 гектар. Ал 4 гектар алқап – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар. Мұнан бөлек 769 482 гектар орман қорымыз тағы бар. 1 млн 745 мың 884 гектар алқап босалқы жер деп танылған.

Ауданда жер пайдаланушылардың саны – 500, оның ішінде 456 шаруа қожалық, 25 серіктестік, 14 басқа да кәсіпорны, 3 өндірістік кооператив пен 2 мемлекеттік заңды тұлға бар. Негізінде 33016 гектарды құрайтын 60 инженерлік тұрғыда өзіндікпен құрып ауыспалы егіс жүйесі, 1 мал азығын дайындайтын және 1 картоп ауыспалы егіс жүйесі бар. Сала мамандары мақсатты пайдаланылмаған жер учаскелерін мемлекетке қайтару бойынша тиісті жұмыстар қарқынды жүріп жатқанын айтады.

Заң не дейді?

Жалпы кез келген жерді мақсатты пайдаланудың өз тәртібі бар. ҚР Жер кодексінің 92 бабының 4 тармағына сай ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалануға жағдайларына не кіреді? Тарқатайық...

Егістікте жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін өңдеу жұмыстары ұдайы жүруі тиіс. Ал шабындықтарда жер учаскесінде шөп шабу жұмыстары да назардан тыс қалмасын, оны арашөптерден, бұталардан, шіліктерден арылту қажет. Сонда ғана шөп бітіктігі жұтаң болмайды. Жайылымдарда мал жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының болмауы немесе олардың саны агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасының 20 пайызынан аз болуы, жем-шөп дайындау мақсатында шөп шабудың жүргізілмеуі де заңға қайшы келеді.

33 тұлға жерді мақсатсыз пайдаланған

Мамандар осыған дейін 227 781 гектарды құрайтын 645 жайылымдық жер учаскесі оны пайдаланушыларға табысталғанын айтады. Жыл басында жүргізілген зерттеу нәтижесінде табысталған жайылымдық жерлердің мақсатты пайдаланбау жағдайы 48,9 пайызды құраған. Осыған дейін атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бұл көрсеткіш 15,6 пайызға азайған.

Бүгінгі таңда мал басы тіркелмей немесе мал саны 20 пайызға жетпей тұрған жер учаскелерінің ішінде 12 977 гектары үлеспен құрылған жерлер қатарында.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер бөлімінің басшысы жыл басынан бері табысталған жер учаскелеріне 3 рет мониторинг жұмыстары жүргізілгенін айтады. Нәтижесінде жайылымдық жерді мақсатты пайдаланбаған 33 адам анықталып отыр. Тиісті шара көру үшін Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданып, департамент тарапынан тиісті нұсқамалар берілген. Сонымен қатар мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылған ауыл шаруашылық жерлерін мемлекет меншігіне қайтару бағытында жұмыстар өлі де жалғасуда.

44 мың гектар жер мемлекетке қайтарылған

Бөлім басшысы жалпы жер учаскесін мемлекет қорына қайтарудың төрт тәсілін қолдану дұрыс деп есептейді. Атап айтқанда, сот шешімімен, түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы өз еріктерімен қайтару, шартты біржақты бұзу, жерді пайдаланбауына байланысты жалдау мерзімі ұзартылмай қаулымен қайтару. Қазіргі таңда ауданда жер учаскелерін мемлекетке қайтаруда түсіндірме жұмыстары мен мақсатына сай пайдаланылмаған жер учаскелерінің жалдау мерзімін ұзартпау



тәсіліне басымдық берілген. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аудан бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы 44 мың гектар жер мемлекет қорына қайтарылған. 2021 жылы 41 117 гектар жерді мақсатсыз пайдаланылғаны белгілі болса, бытыр 9075 гектар жер мемлекетке қайтарылған.

Ротация неге сақталмайды?

Қазір аяқ су мәселесі қат болып тұр. Мамандар «суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру керек» деп дабыл қағуда. Жайылымдық жер мәселесін толық шеше алмай отқанда ауыспалы егіс жүйесінде ротацацияны сақталмауы үлкен қиындық тудырады.

Салаға жауапты бөлім басшысы аудан өкімдігінің 2018 жылғы 18 маусымдағы №120 қаулысымен бекітілген инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерлерде дақылдарды кезектестіру схемасының сақталуына тұрақты бақылау болатынын айтады. Нәтижесінде олқылыққа жол беретін шаруашылықтардың бары белгілі болған. Мәселен, биылдың өзінде ауданда 1 346 гектар күріш дақылын артық егіп, ауыспалы егіс тәртібін ерескел бұзған 16 шаруашылық анықталған. Заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданып, департамент тарапынан нұсқамалар берілген.

Быыл Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі «Мұқан», «Үміт», «Нұр-Әділ», «Сырлыбай ата», «Ұзақ» шаруа қожалықтары 218 гектар күріш артық еккен. Мырзабай ахун ауылдық округіндегі шаруашылықтар да 332 гектар межеден артық күріш

егітті. Мәдениет ауылдық округіндегі «Жер-Ана», «Бірлік и Қ» шаруа қожалықтарының да күріш көлемі межеден 149 гектарға артық. Ал Ақсу ауылдық округіндегі «АВ-Агро Орда» ЖШС, «Ақбостай», «Ай-Тоғжан», «Мақсат», «Мақсұт», «Шәпет», «Талап» шаруа қожалықтары 647 гектар межеден артық күріш еккен.

Кәсіпкерлер де заңсыздыққа жол берген

Ауданда кәсіпкерлік мақсатта 18 гектар жер табысталған. Бірақ иелері оны мақсатына сай пайдаланбаған. Яғни 23 жер учаскесі осы күнге дейін пайдаланылмай отыр. Бұл меншік иелеріне де Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті тарапынан тиісті нұсқамалар берілген. Келер жылы қантар-ақпан айларында департамент аталған жер учаскелеріне қайта тексеру жүргізіп, пайдаланылмай тұрған жер учаскелері анықталса, мемлекет меншігіне қайтарылады.

Бөлім басшысы елді мекендер аумағынан кәсіпкерлік мақсатта жер учаскелерін табыстауды аукцион арқылы жүргізу аудан бюджетіне қосымша қаржы түсіруді тиімді тәсіл деп есептейді. Осыған дейін аукцион және қосымша жер учаскелерін табыстаудан аудан бюджетіне 23,08 млн теңге қаржы түскен.

4 688 гектар жер айналымға енгізілген

Жалпы ауданда ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу бойынша да қарқынды жұмыс жүруде. Бұл ретте басым бағыт беріліп отырған ауыл шаруашылығы

мақсатындағы жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін табыстау қолданыстағы Жер кодексі талаптарына сәйкес конкурс негізінде жүзеге асырылуда. Быыл өткен конкурс арқылы 4 688 гектарды құрайтын 15 жер учаскесі ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген. Бытыр осы мақсатта 5 500 гектар жер айналымға енген болатын.

Мақсатсыз пайдаланғандарға жер қайта берілген

Жалпы шаруашылық иелерінде де жайылымдық жерге қатысты мәселе жоқ емес. Алайда оларда аукционға түсу арқылы бұл мәселені шешуде мүмкіндік бар. Ал қорасында санаулы мал ұстап отырған халық мәселесін қалай шешеді? Бұл мәселе Парламент қабырғасында да көтерілген. Халық қалаушылары қайтарылған жерлерді жергілікті өкілдер мұқтаж халыққа берудің орнына қайтадан бай-қуатты азаматтардың еншісіне бергенін айтқан. Бұған қатысты министрліктің жауабы «заңнаманы жетілдіру қажет» дегенмен шектелді.

«Жер аманаты» республикалық комиссиясымен елімізде 8,6 млн гектар жер мемлекетке қайтарылған. Алайда ауылдық елді мекендерде жайылымдық жер мәселесі өлі де толық шешімін тапқан жоқ. Осыған дейін мақсатсыз пайдаланылған 2,8 млн гектар жер айналымға енгізілген.

Бытырдан бері 8,6 млн гектар жердің мемлекетке қайтарылғанын, оның тиісті мөлшері қайтадан бөлініп берілгенін министрлік те жоққа шығармайды. Бірақ 1,6 млн гектар жер елді мекендердің жайылымдық жерлерін кеңейтуге берілген. Тіпті

министрлік қайтарылған жерді бұрынғы иелеріне табысталған аймақтардың барын жасырмады. Сонда бұған қатысты арнайы комиссия құрып қажеті не?

Жайылымдық жерлердің жай-күйі қалай?

Жалпы елімізде 220 млн гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер бар. Оның 187 млн гектары – жайылымдық. Мамандар оның 43 пайызы ғана қолданыста екенін айтады. Ал 27 млн гектар жайылымдық жер деградацияға ұшыраған.

Еліміздегі жайылымдық жерлердің 40 пайызы нашар күйде. Мұндай деректер ғарыштық мониторинг нәтижесінде белгілі болған. «Бытыр көктемде Қазақстанның 60 ауданы бойынша жайылымдық алқаптардың 26,2 пайызы өте нашар, 33,4 пайызы нашар жағдайда екені анықталған. Ал биыл көктем мезгілінде жүргізілген мониторинг қорытындысымен жайылымдық жерлердің жай-күйі сараланды. Онда жайылымдық жерлердің 40 пайызының жағдайы өте нашар екені, 4 млн гектар жайылым жер қатты дәрежеде деградацияланғаны белгілі болды. Сондай-ақ 12 млн гектар жерде төрт түлік мүлде жоқ екені анықталған.

Түпін: Елімізде бұл өзекті мәселе айналып, Әсіресе ауылдағы қарапайым халық одан тапшылық кездіреді. Сондықтан мемлекетке қайтарылған жерді үлестіреді елді мекендердің жайылымдық жерін кеңейтуі де назардан тыс қалдырмаған дұрыс. Көсілкер аукцион арқылы мәселені реттеп алар, ал ауылдағы ағайында мұндай мүмкіндік болса бермейтінін қаперден шығармайық.

Брифинг



ЖИТС жайлы көп естіміз. Бірақ оған көбіміз мән бермейміз. «Оның бетін ары қылсын, Құдай сақтасынмен» шектелетініміз тағы рас. Бірақ «сақтансаң, сақтайды» демекші, ғасыр індеті атанған дерт жайлы білгеніміз – ұрпағымызды сақтағанымыз. Адамның иммунитет тапшылығы вирусы, яғни АИТВ инфекциясы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде де өзекті мәселе болып отыр. Соңғы 10 жылдың ішінде елде АИТВ-мен сырқаттанушылық 2 есеге артқан, жұқтырылған иммунитет тапшылығы синдромынан болатын өлім-жітім көрсеткіші 1,7 есеге төмендеген. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық психологметтік кеңес беру кабинетінің жергіері Айман Бекниязова айтты.

Иммун тапшылығы алаңдатады

Спикердің айтуынша, АИТВ инфекциясы – адамның иммунитет тапшылығы вирусы туындатқан, иммунитет жүйесін ерекше зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммунитет тапшылығы синдромы қалыптасқанға

дейін оның баяу бұзылуына алып келетін созылмалы инфекциялық ауру. Вирус адамның иммунитет жүйесіне өсер етеді, нәтижесінде ағза әртүрлі инфекцияларға, нақтырақ айтсақ, бактериялық пневмония, адам

папилломавирусы, кандидоз, герпес зостерін жұқтыруға бейім болады. Сондай-ақ қатерлі ісіктерге өте сезімтал келеді, ең орақсыз, науқасты өлімге әкелуі мүмкін ЖИТС – аурудың соңғы немесе терминалды сатысы.

Жауапты маман аурудың негізгі клиникалық белгілеріне де тоқталды. Инкубациялық кезең 2-3 аптадан 3 айға дейін созылады. Содан кейін жұқтырған адамдардың үштен бірінде аурудың өткір кезеңі дамиды, яғни қызба, тамақ ауруы, лимфа түйіндерінің ісінуі, мүмкін бөртпе, жалпы әлсіздік байқалады. Ол 2-4 аптадан кейін емделусіз өтеді. Жұқтырған адамдардың 2/3 бөлігінде бұл кезең жасырын түрде өтеді. Осыдан кейін ұзақ уақыт бойы аурудың

клиникалық белгілері болмауы мүмкін. Содан кейін адамда АИТВ инфекциясы бар екеніне күдіктенуге мүмкіндік беретін бірқатар клиникалық белгі пайда болады. Орташа алғанда инфекцияның басынан АИТВ инфекциясының соңғы сатысына дейінгі мерзім 10-15 жылға созылуы мүмкін. Бірақ одан толық сауығып біту мүмкін емес. Себебі ағзаға бір өнген вирус өмір бақи жүреді. ЖИТС-тің шегі жоқ, ұлт, жыныс, жас талғамайды және ол ешкімді аямайды.

– АИТВ-ның негізгі 3 жұғу жолы дәлелденген. Қан және оның препараттары, қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы және жүктілік кезінде анандан балаға беріледі. АИТВ жұқтырғаннан кейін бірден пайда болмайды, 3-6 айдан кейін анықталады. Себебі АИТВ бірден клиникалық көрініс бермейді, сондықтан адамдар өздерін жақсы сезініп жүрсе береді. АИТВ ны тек қана қанды тестілеу арқылы анықтайды. Адам бұл ауруға лайық емес. Осы індеттен өзімізді және жақындарымызды қорғау үшін барлық қорғану шараларын қабылдауымыз керек, – дейді А.Қуанқызы.

Жауапты маман аурудың негізгі клиникалық белгілеріне де тоқталды. Инкубациялық кезең 2-3 аптадан 3 айға дейін созылады. Содан кейін жұқтырған адамдардың үштен бірінде аурудың өткір кезеңі дамиды, яғни қызба, тамақ ауруы, лимфа түйіндерінің ісінуі, мүмкін бөртпе, жалпы әлсіздік байқалады. Ол 2-4 аптадан кейін емделусіз өтеді. Жұқтырған адамдардың 2/3 бөлігінде бұл кезең жасырын түрде өтеді. Осыдан кейін ұзақ уақыт бойы аурудың

шалдығады. Сондықтан біздің болашағымыз жастарды өмірде дұрыс жолмен жүріп, жат қылықтардан бойымызды ашақ ұстауға шақырамын. Сол кезде үлгі болашағы жарқын ұрпағымыз сау болады, – дейді дәрігер.

Спикер журналистердің «АИТВ-ның вертикалды, яғни анандан балаға берілу жолы мүмкін бе?» деген сұрағын да жауапсыз қалдырмады.

Бекітілген нормативті құжатқа сәйкес әрбір жүкті әйел АИТВ-инфекциясына 2 мәрте тексеріледі. Егер әйел қанынан вирус табылса, оған жатыр ішілік инфекцияның алдын алу үшін арнайы вирусқа қарсы препараттар тағайындалады. Осы препараттарды үзбей ішудің арқасында дені сау баланы әлемге әкеле алады.

Айта кетейік, жыл сайын бүкіл әлемде, соның ішінде біздің елде 1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орайластырылған АИТВ инфекциясының алдын алу бойынша айлық өткізіледі. Жүргізілетін науқанның мақсаты – республиканың тұтас халқының, әсіресе жастар арасында АИТВ инфекциясын жұқтыру және алдын алу мәселелері бойынша, оның ішінде ББЗ-дан бас тарту, жауапты, қауіпсіз мінез-құлқыты қалыптастыру және барлық мүдделі тараптардың ведомстваралық өзара іс-қимылын нығайту жолымен хабардар болу деңгейін арттыру.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, адамдар өз денсаулығына жауапты екенін естен шығармаған жөн.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 2840 Тапсырыс № 1843